

ISSN (Print) 2616-6895  
ISSN (Online) 2663-2497

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы  
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series  
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

**№ 2(139)/2022**

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2022

Nur-Sultan, 2022

Нур-Султан, 2022

*Бас редакторы*  
**Г.Ж. Менлибекова,**  
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (психология)  
Бас редактордың орынбасары (әлеуметтану)

**Ә.С. Мамбеталина,** п.ғ.к., доцент (Қазақстан)  
**Н.О. Байғабылов,** PhD (Қазақстан)

*Редакция алқасы*

<b>Есенғалиева А. М.</b>	п.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Иванова Г.П.</b>	п.ғ.д., Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей
<b>Исламова З.М.</b>	п.ғ.к., доцент, М. Акмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университет, Уфа, Ресей
<b>Калдыбаева О.В.</b>	PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Колева И.</b>	докт., Климент Охридский атындағы София университеті, София, Болгария
<b>Отар Э. С.</b>	PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Сейтқазы П.Б.</b>	п.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Сунарчина М.М.</b>	ә.ғ.д., проф., Башқұрт мемлекеттік университеті, Уфа, Ресей
<b>Тамаш П.</b>	проф., Corvinus университеті, Будапешт, Венгрия
<b>Уразбаева Г.Т.</b>	п.ғ.д., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Хан Н.Н.</b>	п.ғ.д., проф., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың педагогика және психология институты, Алматы, Қазақстан
<b>Шайхисламов Р.Б.</b>	ә.ғ.д., проф., Башқұрт мемлекеттік университеті, Уфа, Ресей
<b>Шалғынбаева Қ.Қ.</b>	п.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.  
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)  
E-mail: vest\_pedpsysoc@enu.kz  
Жауапты хатшы: Ә.С. Жұматаева

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы**

Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген.

15.02.2021 ж. № KZ07VPY00032398 қайта есепке қою туралы куәлігі.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 15 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31410)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

*Editor-in-Chief*

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

**G.Zh.Menlibekova**

Deputy Editor-in-Chief (psychology)     **A.S. Mambetalina**, Can. of Psychological Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)  
Deputy Editor-in-Chief (sociology)     **N.O. Baigabylov**, PhD in Sociology (Kazakhstan)

*Editorial board*

**Esengalieva A.M.**     Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof., L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan  
**Ivanova G.P.**     Doctor of Pedagogical Sciences, Peoples' Friendship University of Russia, Moscow, Russia  
**Islamova Z.M.**     Can. of Pedagogical. Sciences, Assoc.Prof., M. Akmulla Bashkir State Pedagogical University, Ufa, Russia  
**Kaldybayeva O.V.**     PhD, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan  
**Otar E.S.**     PhD, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan  
**Koleva I.**     Dr., Kliment Ohridski Sofia State University, Sofia, Bulgaria  
**Seytkazy P.B.**     Doctor of Pedagogical Sciences, Prof., L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan  
**Sunarchina M.M.**     Doctor of Sociology, Prof., Bashkir State University, Ufa, Russia  
**Tamas P.**     Prof., Corvinus University, Budapest, Hungary  
**Urazbayeva G.T.**     Doctor of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof., L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan  
**Khan N.N.**     Doctor of Pedagogical Sciences, Prof., Institute of Pedagogy and Psychology of Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan  
**Shaikhislamov R.B.**     Doctor of Sociology, Prof., Bashkir State University, Ufa, Russia  
**Shalgynbayeva K.K.**     Doctor of Pedagogical Sciences, Prof., L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Editorial address:2, Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008  
L.N.Gumilyov Eurasian National University Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)  
E-mail: vest\_pedpsysoc@enu.kz  
Responsible secretary: A.S. Zhumatayeva

**Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series**

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N.Gumilyov Eurasian National University»

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan. Rediscount certificate № KZ07VPY00032398 dated 15.02.2021.

Periodicity: 4 times a year Circulation: 15 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31410)

*Главный редактор*  
д.п.н., профессор  
**Г.Ж. Менлибекова** (Казахстан)

Зам. главного редактора (психология)  
Зам. главного редактора (социология)

**А.С. Мамбеталина**, к.п.с.н., доцент (Казахстан)  
**Н.О. Байгабылов**, PhD (Казахстан)

*Редакционная коллегия*

<b>Есенгалиева А. М</b>	к.п.н., доцент, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Иванова Г.П.</b>	д.п.н., Российский университет дружбы народов, Москва, Россия
<b>Исламова З.М.</b>	к.п.н., доцент, Башкирский государственный педагогический университет им. М. Акмуллы, Уфа, Россия
<b>Калдыбаева О.В.</b>	PhD, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Колева И.</b>	докт., Софийский университет им. Климента Охридского, София, Болгария
<b>Отар Э. С.</b>	PhD, Евразийский национальный университет, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Сейтказы П.Б.</b>	д.п.н., проф., Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Сунарчина М.М.</b>	д.с.н., проф., Башкирский государственный университет, Уфа, Россия
<b>Тамаш П.</b>	проф., университет Corvinus, Будапешт, Венгрия
<b>Уразбаева Г.Т.</b>	д.п.н., доцент, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Хан Н.Н.</b>	д.п.н., проф., Институт педагогики и психологии КазНПУ им.Абая, Алматы, Казахстан
<b>Шайхисламов Р.Б.</b>	д.с.н., проф., Башкирский государственный университет, Уфа, Россия
<b>Шалғынбаева К.К.</b>	д.п.н., проф., Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, каб. 402  
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)  
E-mail: vest\_pedpsysoc@enu.kz  
Ответственный секретарь: А.С. Жуматаева

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.**

**Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.**


Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на переучет № KZ07VPY00032398 от 15.02.2021 г

Тираж: 15 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31410)



Ж.С. Отарбаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: otarbaeva\_zhansaya@mail.ru)

## Кәсіби психологиялық денсаулық ұғымының теориялық негізі

**Аңдатпа.** Мақала кәсіби психологиялық денсаулық ұғымының теориялық негізін ашуға арналады. Кәсіби психологиялық денсаулық ұғымын кәсіби іс-әрекет пен еңбек әрекетінің психологиялық аспектісінде түсіндірген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалады. Әртүрлі авторлардың осы ұғымға берген анықтамалары мен түсініктері кестеде жүйелі келтіріледі. Кәсіби психологиялық денсаулық ұғымының тарихи аспектісі де қарастырылады. Мақалада кәсіби психологиялық денсаулық ұғымының көпжақты, күрделі феномен екендігі сипаттала келе, оның адамның жалпы тұлғалық психологиялық денсаулықтың индикаторы болатындығын негізге алады. Автордың көзқарасы бойынша кәсіби психологиялық денсаулық түсінігі кәсіби іс-әрекеттің когнитивтік, эмоциялық және тұлғалық аспектісі негізінде еңбек субъектісінің өз ісінен қанағат алуы, үйлесімділікті сезінуі, кәсіби іс-әрекетті меңгеруде тепе-теңдіктің сақталуы, ұжымда көпшіл болуы, іс-әрекетте позитивтіліктің болуы сияқты факторлар тұжырымдалады.

**Түйін сөздер:** кәсіби іс-әрекет, еңбек субъектісі, кәсіби денсаулық, кәсіби психологиялық денсаулық, іс-әрекетке қанағаттану, жалпы психологиялық күй.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-139-2-266-273>

### Кіріспе

**Зерттеу өзектілігі.** Әрбір адам өмір сүру барысында жақсы өмір сүруге, өзінің сүйікті ісімен айналысуға, балалы-шағалы болуға талаптанады. Адамның өміріндегі жетістіктер оңай келмейтіні белгілі. Оған қоса адам өмірінің көп уақытын еңбекпен өткізеді. Жастайынан белгілі бір маман иесі болуға, белгілі бір кәсіпті меңгеруге әрекеттенеді. Мектеп жасына дейінгі кезеңде-ақ, ойын

арқылы өзінің қандай іс-әрекетке бейімі бар екендігін көрсете бастайды. Мектеп қабырғасында мамандық саласын меңгеруге қажетті білімді меңгеріп, жоғары сыныптарда арнайы мамандықты таңдау мәселесін алдыңғы қатарға қояды. Сол 14-15 жаста басталған кәсіби мамандықты таңдау арқылы анықталған кәсібімен кейде адам өмірінің соңына дейін айналысатындар да кездеседі.

Олай болса, адамның кәсіби іс-әрекетпен айналысуы өмірінің 80 пайызын қамтиды де-

сек болады. Осы орайда өмірінің көпшілігін қамтитын кәсіби іс-әрекеттегі психологиялық ахуал адамның жалпы психологиялық ахуалына да көрініс беретіні анық. Егер еңбек етіп жатқан ісімізден ләззат алатын болсақ, еңбекті сүйіп орындайтын болсақ, айналысып отырған еңбек әрекетімізден табысқа жетіп жатсақ, жұмыс орнында әріптестермен жағымды қатынас құрып, өзара үйлесімділікте болып жатсақ, онда бір тәуліктің жарты уақытын бақытты етіп өткізер едік. Егер бір тәулікте 24 сағат бар десек, оның 9-12 сағатын ұйқымен өткіземіз, 6-8 сағат жұмыс орнында өткізсек, ал жұмысқа бару-келу 1-2 сағат уақытты алса, қалған аз уақыттағы психологиялық ахуал, әлбетте жұмыстағы психологиялық ахуалдың салдары болуы мүмкін. Сондықтан адамның кәсіби іс-әрекеттегі психологиялық саулық мәселесі аса маңызды болып табылады. Олай болса, қандай жағдайда адам өзінің кәсіби іс-әрекетіне қанағаттанып, жалпы өмірде бақытты бола алады?

Біз өз мақаламызда кәсіби іс-әрекетте психологиялық денсаулықты қамтамасыз ететін бірқатар заңдылықтарды көрсеткіміз келеді. Ол ең әуелі өзінің кәсіби таңдауына адекватты қатынаста болатын, жұмыстағы қызметтік орнына қанағаттана отырып, өзінің кәсіби мәнсаптық өсу мүмкіндігін көре алатын, өзінің орындаушылық кәсіби іс-әрекетіне психологиялық қанағаттанушылық, өз ісін сүйіп орындайтын, еңбек ұжымындағы қарым-қатынаста көпшіл, позитивтілікті ұстанатын өлшемдермен сипатталады.

### Теориялық негізі

Жұмысшылардың саулығы туралы сұрақтарға көңіл бөлудің алғашқы белгілері ХХ-ғасырдың басында пайда болды десек болады. Бұл осы кездегі өнеркәсіп аймағында еңбек етіп жүрген жұмысшыларды қорғауға қатысты еңбекті ғылыми ұйымдастыру қозғалысы рәсімделумен байланысты болды. Еңбекті ғылыми ұйымдастыру қозғалысының негізін салушылардың бірі – америкалық инженер Ф. Тейлор еді. Шындығына келгенде, Тейлордың ғылыми шығармашылық еңбек-

терінде бұл тақырып қандай да бір дамуды көрсетпеді. Ол өз еңбектерінде жұмысшыны жай ғана жекеленген бірлік, өнеркәсіп процесінің элементі ретінде қарастырып, «экономикалық адам» концепциясы негізінде нәтиже шығарғаны белгілі. Тейлорды еңбек іс-әрекетінің субъектісі ретінде индивидтің әлеуметтік болмысы мен психикалық және физикалық ахуалдарынан гөрі еңбек өнімділігі қызықтырып, басты назарға алды.

Еңбекті ғылыми ұйымдастыру қозғалысының екінші бастамашысы, Тейлордың серіктесі Ф. Джилбрет «адами факторға» бағытталған мәселелерді қарастырады. Ол еңбекті ғылыми ұйымдастыру қозғалысы әрбір адамның еңбек іс-әрекеті кезіндегі физикалық (тәндік) және психикалық қабілеттерін ескере отырып, соған сәйкес іспен айналысулары керек деген негізгі идеяны ұстанады. Оған қоса, кәсіби іс-әрекеттің психологиялық аспектісі жұмысшының өз кәсіби іс-әрекетіне қатынасы, оған дұрыс көңіл бөлуі негізінде сипатталады деген идеяны алға тартты. Әрбір жұмысшы өзінің орындап жатқан іс-әрекетінен қуанышты сезіну білуі керек, сонда еңбек тиімді ұйымдастырылады, сонда еңбекте жетістікке жетеді, деп көрсетеді.

Джилбреттің пікірінше, егер жұмысшылардың саулығы қамтамасыз етілсе, еңбек қуанышы байқалады, еңбек өнімділігі артады. Жұмысшылардың саулығы үшін олардың жұмыс орындарын кәсіби іс-әрекет мақсатына сай ұйымдастыруы және тиісті құрал-саймандармен қамтамасыз етілуі керек. Оған қоса, ең бастысы, жұмысшыға оның денсаулығына қажетті демалыспен қамту және оның шаршауына жол бермеу, шаршауына әсер ететін факторлардың әсерін төмендету керек. Джилбрет алғаш рет Америкада «шаршаумен күрес күнін» ұйымдастыруға бастамашы болды. Ол өнеркәсіптегі қызметкерлердің мәселесін шешу үшін психологтарды тартуды талап етті. Джилбреттің айтуынша психологиялық фактордың мәні мәселені шешудің ең «бастысы», оны бағаламауға болмайды.

Джилбреттің гуманистикалық дүниетанымдық көзқарасына елеулі септігін тигізген оның жұбайы, Америкада психология док-

торы біліктілігін ең алғаш алған әйел Лилиан Джилбрет екеніне негіз бар. Л. Джилбретті де еңбекті ғылыми ұйымдастырудағы психологиялық көзқарас аса қызықтырды. Оның тұжырымы бойынша кәсіби іс-әрекетті ғылыми басқару жұмысшылардың әділеттілік сезімін, өзін бақылауда ұстауға қабілеттілігін, кәсіби мақтаныш сезімін, өзі және басқалар үшін жауапкершілік сезімдерін тудыратын жұмысшылардың адамгершілігінің дамуын қарастырады. Табысты басқарудың негізі – адам, адамның психологиясы, ал жұмыс «ұлы тәрбиелеуші» болып табылады. Л. Джилбрет еңбекті жақсы ұйымдастыру жан мен тәнді бөлек қарастыру ғана емес, олардың өзара тығыз қатынасына да мән беріп, жұмысшының ақыл-ой және адами, кәсіби дамуына, сондай-ақ, салауатты өмір салтына ұмтылысын қалыптастыру керек деп санайды.

Кәсіби денсаулық туралы осындай және басқа да ойлар ХХ-ғасырдың басында Англияда да қарқынды талқылана бастады. Кембридж университетінің профессоры Б. Мессіо кәсіби психологияның басты талабы ретінде еңбекті қорғау ережелерін ұстануды алға қойды. Өнеркәсіп орындарындағы оқыс жағдайларға басты себеп, жұмысшының қабылдауының, есте сақтауының және зейінінің төмендеуіне алып келетін олардың шаршауы, қажуынан көреді. Егер адамға оның табиғатына жақын жұмысты атқаруына мүмкіндік берсе, оның соған сай қабілетін ескерсе, онда ол жұмыста оңай игереді, тез шаршамайды, зор ынтасымен жұмыс істейді. Өнеркәсіптегі тапсырманы орындаудағы жұмысшының күш-қуат жұмсауы оның денсаулығының үнемі жақсы жағдайына сай болу керек.

Кембридждің психологиялық зертханасының директоры Ч. Мейерстің пікірі бойынша Англия мен Американың өндіріс орындарында етек алған «өнеркәсіптік дөрекілік», «шектен тыс қаталдық», «арсыз қызғаншақтық», «жұмысшыларды орынсыз қанаушылық» кәсіби ұйымның психологиялық ахуалына кері әсер етеді, сондықтан, өнеркәсіп болашағы үшін кәсіби іс-әрекеттің психологиялық факторлары негізгі және маңызды фактор болып саналады деп көрсетеді. Автордың басты

ұстанымы жұмысшылардың адами тұлғалық қадір-қасиетін сыйлау. Еңбек ұжымындағы әрбір жұмысшылардың мотивациялық сферасына жағдай жасалу керек, кәсіби іс-әрекетті толыққанды орындауға қызығушылықтарын ескере отырып, зияткерлік дамуына да жағдай жасалыну керек. Мейерстің пікірінше, өндірістік еңбектің жоғарылауына маңызды жағдай өнеркәсіп қауіпсіздігіндегі жұмысшылардың сенімділігін қалыптастыру мен оған қажетті алғышарттарды қалыптастыру қажет.

Витте деген ғалым жалпы денсаулығында ақауы бар адам немесе отбасында қандай да бір проблемамен толғаныста, уайымда жүрген адам, өзіндік проблемаға мазасы кеткен жұмысшы жұмысқа қабілетсіз болады деген рационалды ойдың бар екенін растайды. Виттенің айтуы бойынша Америкалық кәсіпкерлер өзінің қол астында қызмет ететін тек қана тәртіпті жұмысшыларды ғана есепке алмай, сондай-ақ тәндік, эмоциялық, тұлғалық психологиялық дені сау жұмыс күшінің болуы кәсіпкерлердің оң шешімдері мен әрекеттеріне едәуір еркіндік беретінін жақсы түсінді. Жалпы алғанда, Витте қызметкерлердің рухани құндылықтарын, жұмысшылардың дербестігін, этикасын негізге алған жағдайда, еңбектегі өзгерістердің перспективасын көруге болады.

Кеңестік замандағы Ресейде кәсіби денсаулық мәселесіне қатысты В.М. Бехтеревтің ғылыми еңбектерін атап кетуге болады. Ол еңбек процесін танып білуге көп көңіл бөлді, өзінің тәжірибелік қызметтерін соған арнады. 1918 жылы Петроградта оның басшылығымен Институт ашылды. Институттың лабораториясында адамның бас миы қызметі мен еңбек құрамына қатысты психиканың функциялық қызметін зерттеді. Зертхананың басты міндеті еңбек етуші қызметкерлердің тұлғалық дамуы мен денсаулығын сақтау үшін негізгі іс-шаралар құрастыру болды.

Психологиялық әдебиеттерге сүйенсек, кәсіби денсаулық ұғымы көбінесе кәсіби іс-әрекет барысында қауіпсіздікті сақтау, іс-әрекеттің нәтижесіне қол жеткізетін кәсіби маманның денсаулығы, кәсіби бейімділік пен еңбекқорлық ұғымдарымен түсіндіріледі. Со- лардың бірқатарына тоқталып кетейік.

П. Мучински [1] өзінің зерттеулерінде кәсіби денсаулық дегеніміз – маманның кәсіби іс-әрекетін орындау барысында ақыл-ой, эмоциялық және тәндік қанағаттанушылығының бірлігі, деп анықтама берсе, В.И. Шостак және Л.А. Яньшин [2] бұл ұғымға кәсіби іс-әрекеттің барлық жағдайында еңбекке қабілеттілігін қамтамасыз ететін қажетті ағзаның қорғаныс және компенсаторлық механизмдерін сақтау қасиеті деп түсіндіреді.

А.Н. Разумов, В.А. Пономаренко, В.А. Пискунов [3] ағзаның реттеушілік қасиетінің сақталуы мен даму процесі, оның тәндік, психикалық және әлеуметтік қанағаттанушылығы – кәсіби денсаулық мағынасын білдіреді деп көрсетеді.

В.А. Пономаренко, Н.Д. Завалова [4], Л.М. Митина [5] кәсіби денсаулық бұл – адамның компенсаторлық функцияларға қабілеттілігі деп көрсетеді.

С.Ф. Гончаров, А.Ф. Бобров, В.Ю. Щебланов [6] сынды ғалымдардың тұжырымдамасы

бойынша кәсіби денсаулық – ағзаның өмірлік іс-әрекет жағдайларына бейімделу процесінің эффективтілігін көрсететін динамикалық жағдай.

В.И. Шостак [2] бойынша кәсіби денсаулық адам ағзасының функциялық күйінің интегралды сипаттамасы.

Л.И. Воронин, Р.Р. Каспранский, В.В. Моргун [7] бойынша кәсіби денсаулық – тұлғаның эмоциялық, когнитивтілік және мінез-құлықтық аспектілерін қамтитын көпдеңгейлі, жүйелі, комплексті ұғым.

Г.С. Никифоров [8] кәсіби денсаулық – тек қана кәсіби аурулар мен кәсіби жарақаттардың болмауы ғана емес, сонымен қатар, адамның орындап жатқан іс-әрекеті жағдайындағы тәндік, психикалық және әлеуметтік қанағаттанушылығы деп сипаттайды.

Тұлғалық ұтқырлық – кәсіби денсаулықтың негізгі предикторы деп көрсеткен ғалымдарды да (Т. Б. Сергеева, А. А. Печеркина, Н. С. Глуханюк, Г. И. Борисов) [9] айтып кетуге болады.

қ/с	Авторлар	Кәсіби денсаулық ұғымының тұжырымдамалары
1.	П. Мучински	Маманның кәсіби іс-әрекетін орындау барысында ақыл-ой, эмоциялық және тәндік қанағаттанушылығының бірлігі.
2.	В.И. Шостак, Л.А. Яньшин	Кәсіби іс-әрекеттің барлық жағдайында еңбекке қабілеттілігін қамтамасыз ететін қажетті ағзаның қорғаныс және компенсаторлық механизмдерін сақтау қасиеті.
3.	А.Н. Разумов, В.А. Пономаренко, В.А. Пискунов	Ағзаның реттеушілік қасиетінің сақталуы мен даму процесі, оның тәндік, психикалық және әлеуметтік қанағаттанушылығы.
4.	В.А. Пономаренко, Н.Д. Завалова, Л.М. Митина	Адамның компенсаторлық функцияларға қабілеттілігі.
5.	С.Ф. Гончаров, А.Ф. Бобров, В.Ю. Щебланов	Ағзаның өмірлік іс-әрекет жағдайларына бейімделу процесінің эффективтілігін көрсететін динамикалық жағдай.
6.	В.И. Шостак	Адам ағзасының функциялық күйінің интегралды сипаттамасы.
7.	Л.И. Воронин, Р.Р. Каспранский, В.В. Моргун	Тұлғаның эмоциялық, когнитивтілік және мінез-құлықтық аспектілерін қамтитын көпдеңгейлі, жүйелі, комплексті ұғым.
8.	Г.С. Никифоров	Тек қана кәсіби аурулар мен кәсіби жарақаттардың болмауы ғана емес, сонымен қатар, адамның орындап жатқан іс-әрекеті жағдайындағы тәндік, психикалық және әлеуметтік қанағаттанушылығы.
9.	Т. Б. Сергеева, А.А. Печеркина, Н.С. Глуханюк, Г.И. Борисов	Кәсіби денсаулықтың негізгі предикторы – тұлғалық ұтқырлық.



Кестеде көріп отырғанымыздай, бірқатар авторлар кәсіби денсаулық ұғымын кәсіби іс-әрекет нәтижесін қамтамасыз ететін адам ағзасының функциялық, реттеушілік күйінің ерекшеліктері мен оның компенсаторлық, қорғаныс механизмдері арқылы түсіндіреді (С.Ф. Гончаров, А.Ф. Бобров, В.Ю. Щебланов, В.И. Шостак, А.Н. Разумов, В.А. Пономаренко, В.А. Пискунов, В.И. Шостак, Л.А. Яньшин)

Дегенмен де, психологиялық ахуал мен қанағаттанушылық деңгейіне орай тұжырымдама жасаған ғалымдар да бар. Тұлғаның кәсіби іс-әрекетке бейімділігі, кәсіби іс-әрекет жағдайындағы ақыл-ой, эмоциялық және тәндік қанағаттанушылығы, психикалық және әлеуметтік қанағаттанушылығы, когнитивтілік және мінез-құлықтық аспектілері, тұлғалық ұтқырлығы – кәсіби психологиялық денсаулықтың маңызды құрамды бөліктері ретінде қарастырады (Т. Б. Сергеева, А.А. Печеркина, Н.С. Глуханюк, Г.И. Борисов, Г.С. Никифоров, А.Н. Разумов, В.А. Пономаренко, В.А. Пискунов, П. Мучински).

Кәсіби психологиялық денсаулық заңдылықтары еңбек субъектісінің кәсіби іс-әрекетке қатынасы мен кәсіби іс-әрекетте психологиялық жетілумен анықталады. Басқаша айтқанда, кәсіби маман иесінің өзінің орындап жатқан кәсіби іс-әрекетіне адекватты қатынас құруы немесе оған қарама қарсы теріс қатынаста болуы, сондай-ақ, өзінің айналысып жүрген кәсіби іс-әрекеті барысында тұлғалық, психологиялық жағынан жетіліп, өзін-өзі өзектендірілуі немесе оған қарама қарсы өзінің айналысып жүрген кәсіби іс-әрекеті жағдайында эмоциялық, тұлғалық құлдырауы мен регрессивтілігі тұлғаның кәсіби денсаулық механизмдерін көрсетеді. Нақтырақ айтсақ, оның негізгі көрсеткіштері:

- Өз ісінен қанағат алу, үйлесімділікті сезіну немесе, керісінше өз ісіне қанағаттанбау, дисгармония;
- Кәсіби іс-әрекетті меңгеру механизмдері тепе-теңдікте сақталу, немесе керісінше / тепе-теңдіктің сақталмауы;
- Ұжымдағы қарым-қатынаста көпшіл болу, немесе керісінше эгоцентрлік;
- Кәсіби іс-әрекетте позитивтіліктің болуы, немесе керісінше негативтілікте болуы.

С.В. Масловская, М.В. Фомина [10], А.И. Ковалева [11] еңбектерінде кәсіби денсаулықты қызмет субъектісінің кәсіби ұзақ өмір сүруін қамтамасыз ететін қасиеттердің, күйлер мен процестердің бірлігі деп түсіндіреді. Авторлардың тұжырымы бойынша кәсіби денсаулықтың өзара байланысты үш деңгейі бар – физикалық (тәндік), психологиялық және әлеуметтік деңгей. Әр деңгейде кәсіби психологиялық денсаулықтың көріну ерекшеліктеріне қарай нақты формалары мен ресурстары айқындалады. Кәсіби психологиялық денсаулық феномені еңбек субъектісінің белгілі бір кәсіби іс-әрекетті орындау кезінде сол іс-әрекетті тиімді, сапалы орындауға деген өзіндік сенімділігінің болуымен қоса, осы қызметті орындау кезінде кездесетін қиыншылықтар мен қолайсыз факторларға немесе жағдайларға қарсы тұра алу қабілеттілігінің болуы басты фактор болып табылады.

Қазіргі уақытта кәсіби денсаулық мәселесі психологиялық мамандардың назарын өзіне аудартып отыр. Заманауи еңбек адамға жағымды да жағымсыз да әсерін тигізуі мүмкін. Соңғысына тұлғаға кәсіби деформацияға ғана емес, сонымен қатар, қажет болған жағдайда мүлде тоқтатуға немесе кәсібін ауыстыруға тура келетін кәсіби бұзылыстарға алып келетін еңбектің жағымсыз жағдайлары жатады.

Кәсіби денсаулық мәселесіне қатысты сұрақтарды кешенді түрде талдау жасауға негіз болған Никифоровтың [12] кәсіби іс-әрекетті психологиялық қамтамасыз ету концепциясын ерекше атап кетуге болады. Бұл концепцияның негізгі идеясы маманның кәсіби іс-әрекетті орындауы түбегейлі психологиялық қамтамасыз етілу қажеттілігін көздейді. Маманның кәсіби қалыптасуына, оның кәсіби іс-әрекетті сапалы орындауына міндетті түрде жағдай жасау арқылы еңбек әрекетін үздіксіз психологиялық қолдау қажеттілігі бірінші орынға ие. Осы тұрғыда, бұл концепция субъектінің бүкіл кәсіби өмір жолын психологиялық қамтамасыз ету негізін басшылыққа алады.

«Кәсіби денсаулық психологиясы» термині 1986 жылғы Джордж Эверлидің [Barling,

Griffiths, 2010] еңбек гигиенасы мен психологиясы салаларын интеграциялауға арналған еңбектерінде кездеседі. Кейін 1990 жылдары Гавай университеті зерттеушілері Рэймонд, Вуд, Патрик (J.Raymond, D.Wood, W.Patrick) еңбектерінде кәсіби ортаның саулығын қамтамасыз етудің маңыздылығын ерекше көрсетті. Осындай көзқарастар кәсіби денсаулық психологиясының өз бетінше жеке дара ғылым саласы ретінде дамуына негіз болды [13].

Кәсіби іс-әрекеттің психологиялық механизмдерінің тепе-теңдікте сақталуы маманның өз ісін сүйіп орындауының, орындаған ісінен қанағат алуының, жалпы психологиялық үйлесімділікте болуды қамтамасыз етеді.

Сонымен, кәсіби психологиялық денсаулық түсінігі еңбек субъектісінің кәсіби іс-әрекетке қатынасы мен кәсіби іс-әрекетте психологиялық жетілумен анықталады. Оның негізгі көрсеткіштері:

- Өз ісінен қанағат алу, үйлесімділікті сезіну немесе, керісінше өз ісіне қанағаттанбау, дисгармония;
- Кәсіби іс-әрекетті меңгеру механизмдері тепе-теңдікте сақталу, немесе керісінше / тепе-теңдіктің сақталмауы;
- Ұжымдағы қарым-қатынаста көпшіл болу, немесе керісінше эгоцентрлік;
- Кәсіби іс-әрекетте позитивтіліктің болуы, немесе керісінше негативтілікте болуы.

#### Әдебиеттер

1. Мучински П. Психология, профессия, карьера: учебник. – СПб.: Питер, 2004. – 539 с.
2. Шостак В.И., Яньшин Л.А. Военно-профессиональная работоспособность как критерий здоровья. // Военно-медицинский журнал. – 1993. – № 1. – С. 61–62.
3. Разумов А.Н., Пономаренко В.А., Пискунов В.А. Здоровье здорового человека (Основы восстановительной медицины). – М.: Медицина, 1996. – 413 с.
4. Пономаренко В.А., Завалова Н.Д. Практическая психология: проблема безопасности летного труда. – М.: Наука, 1994. – 204 с.
5. Митина Л.М. Профессиональное здоровье учителя: стратегия, концепция, технология. // Нар. образование. – 1998. – № 9–10. – С. 166–170.
6. Гончаров С.Ф., Бобров А.Ф., Щербанов В.Ю. Профессиональное здоровье и методы его количественной оценки // Международная конференция «Бизнес и здоровье». – М., 1994. – Т. 1. – С. 17–18.
7. Шингаев С.М., Никифоров Г.С. Профессиональное здоровье руководителя: монография. – СПб.: СПбАППО, 2017. – 188 с.
8. Психология профессионального здоровья. Учеб. пособие. / Под ред. Г. С. Никифорова. – СПб.: Речь, 2006. – 480 с.
9. Сергеева Т.Б., Печеркина А.А., Глуханюк Н.С., Борисов Г.И. Личностная мобильность как предиктор профессионального здоровья и благополучия в пожилом возрасте. // Перспективы науки и образования. -2019. - № 6 (42). - С. 397-408.
10. Масловская С.В., Фомина М.В. Здоровье как фактор развития профессиональной компетентности. // Вестник ОГУ. - 2009. - №1. - С. 81-86.
11. Ковалева А.И., Пышнов Г.Ю. Проблема хронического утомления // Медицина труда и промышленная экология. - 2001. - №11. - С. 15.
12. Исаев А.А. Никифоров Г.С. Психология профессионального здоровья: обзор концепции. - Ученые записки СПбГИПСР. - 2019. - Выпуск 2. – Т. 32.
13. Березовская Р.А. Психология профессионального здоровья за рубежом: современное состояние и перспективы развития // Психологические исследования. – 2012. – Т. 5. – № 26. – URL: <http://www.psystudy.ru/index.php/num/2012v5n26/761-berezovskaya> (дата обращения: 15.04.2021).

## References

1. Muchinsky P. Psihologija, professija, kar'era [Psychology, profession, career]. Textbook (Piter, St. Petersburg, 2004, 539 p.).
2. Shostak V.I., Yanshin L.A. Voенно-professional'naja rabotosposobnost' kak kriterij zdorov'ja [Military-professional work as a criterion of health], Voенно-medicinskij zhurnal [Military-medical journal], 1, 61–62 (1993).
3. Razumov A.N., Ponomarenko V.A., Piskunov V.A. Zdorov'e zdorovogo cheloveka (Osnovy vosstanovitel'noj mediciny) [Health of a healthy person (Basics of restorative medicine)] (Medicina, Moscow, 1996, 413 p.).
4. Ponomarenko V.A., Zavalova N.D. Practical psychology: the problem of safety of summer labor (Nauka, Moscow, 1994, 204 p.).
5. Mitina L.M. Professional'noe zdorov'e uchitelja: strategija, koncepcija, tehnologija [Professional health of the teacher: strategy, concept, technology], Nar. education [Public education], 9–10, 166–170 (1998).
6. Goncharov S.F., Bobrov A.F., Shcheblanov V.Yu. Professional'noe zdorov'e i metody ego kolichestvennoj ocenki [Professional health and methods of its quantitative assessment], Mezhdunarodnaja konferencija «Biznes i zdorov'e» [International Conference «Business and Health»]. (Moscow, 1994, Vol. 1, P. 17–18).
7. Shingaev S.M., Nikiforov G.S. Professional health of the leader: monograph (SPbAPPO, SPb, 2017, 188 p.).
8. Psihologija professional'nogo zdorov'ja [Psychology of professional health]. Textbook. Ed. G. S. Nikiforov (Rech', SPb, 2006, 480 p.).
9. Sergeeva T.B., Pecherkina A.A., Glukhanyuk N.S., Borisov G.I. Lichnostnaja mobil'nost' kak prediktor professional'nogo zdorov'ja i blagopoluchija v pozhilom vozraste [Personal mobility as a predictor of professional health and well-being in old age], Perspectives of science and education [Perspektivy nauki i obrazovanija], 6 (42), 397-408 (2019).
10. Maslovskaya S.V., Fomina M.V. Zdorov'e kak faktor razvitija professional'noj kompetentnosti [Health as a factor in the development of professional competence], Vestnik OGU [Bulletin of OGU], 1, 81-86 (2009).
11. Kovaleva A.I., Pyshnov G.Yu. Problema hronicheskogo utomlenija [Problems of chronic fatigue], Medicina truda i promyshlennaja jekologija [Medicine of labor and industrial ecology], 11, 15 (2001).
12. Isaev A.A., Nikiforov G.S. Psihologija professional'nogo zdorov'ja: obzor koncepcii [Psychology of professional health: a concept review], Uchenye zapiski SPbGIPSR [Scientific notes of SPbGIPSR], 2 (32) (2019).
13. Berezovskaya R.A. Psihologija professional'nogo zdorov'ja za rubezhom: sovremennoe sostojanie i perspektivy razvitija [Psychology of professional health at the border: modern state and prospects for development], Psihologicheskie issledovanija [Psychological research], 26 (5) (2012). Available at: <http://www.psystudy.ru/index.php/num/2012v5n26/761-berezovskaya> (Accessed: 15.04.2021).

**Ж.С. Отарбаева**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### **Теоретические основы понятия профессионального психологического здоровья**

**Аннотация.** Статья посвящена теоретическим основам концепции профессионального психологического здоровья. Проведен анализ работ ученых, разъяснивших понятие профессионального психологического здоровья в психологическом аспекте профессиональной деятельности и труда. Определения и концепции этого понятия разными авторами систематизированы в таблице. Также рассмотрен исторический аспект концепции профессионального психологического здоровья. В статье раскрывается понятие профессионального психологического здоровья как многогранного сложного явления, исходя из того, что оно является показателем общего психологического здоровья человека. По мнению автора, кон

цепция профессионального психологического здоровья основывается на когнитивной, эмоциональной и личностной сторонах профессиональной деятельности.

**Ключевые слова:** профессиональная деятельность, субъект труда, профессиональное здоровье, профессиональное психологическое здоровье, удовлетворенность деятельностью, общее психологическое состояние.

**Zh.S. Otarbayeva**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Theoretical basis of the concept of professional psychological health**

**Abstract.** The article is devoted to the theoretical basis of the concept of occupational psychological health. The author analyzed the works of scientists who explained the concept of occupational psychological health in the psychological aspect of professional activity and work. The article presents definitions of this concept by different authors. The article considers a historical aspect of the concept of occupational psychological health. The article describes the concept of occupational psychological health as a multifaceted, complex phenomenon, based on the fact that it is an indicator of a person's overall psychological health. According to the author, the concept of occupational psychological health is based on the cognitive, emotional, and personal aspects of professional activity.

**Keywords:** professional activity, subject of labor, professional health, professional psychological health, activity satisfaction, general psychological state.

**Автор туралы мәлімет:**

*Отарбаева Ж.С.* – докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

*Otarbayeva Zh.S.* – Ph.D. student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.